

## Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі жұмысты жандандыру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 22 маусымдағы N 864. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Тұтынушылар құқығын қорғаудың мемлекеттік жүйесін құру және тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды одан әрі дамыту мен жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Тұтынушылар құқығын қорғау мәселелері жөніндегі жобаларының және тұтынушылар құқығын қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құжаттардың ұсынылып отырған тізбесі бекітілсін.

#### 2. Жергілікті әкімдер:

мемлекеттік бөлшек сауда жүйесі кәсіпорындары үшін аса қажетті азық-түліктік және азық-түліктік емес тауарлардың міндетті тізбесін бекітсін;

сауданың, қоғамдық тамақтандырудың және халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің жекешелендірілген кәсіпорындарын сатып алу-сату шартына сәйкес олардың бастапқы бейінін, тауардың түр-түрін, жұмыс режимін және олардың "Тұтынушылар құқығын қорғау туралы" Қазақ ССР Заңының жарлығына сәйкестігін сақтау мақсатында жүйелі түрде бақылап отырсын;

үй-жайды онда фирмалық дүкендер ашу үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін кәсіпкерлерге және тамақ өнеркәсібі орындарына жалға беру немесе сатуды айқындасын;

тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі қоғамдық ұйымдарды қызметтік үй-жаймен және телефон байланысымен қамтамасыз етуде көмек көрсетсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп әзірлеген оқу жоспарына сәйкес белгіленген тәртіпте орта және жоғары, оның ішінде заңдық бейіндегі оқу орындарындағы оқушылар мен студенттерге тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңды зерделеуді ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне және Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес мүшелеріне Тұтынушылар құқығын қорғау мен тәуелсіз тұтынушылық сараптаманың ұлттық қоры туралы Ереженің жобасын әзірлеу тапсырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп Тұтынушылар құқығын қорғаудың мемлекеттік жүйесін құру тұжырымдамасын әзірлеп, оны 1996 жылдың 1 қаңтарына Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне бекітуге енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, атқарушы органдары жыл сайын 25 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне тұтынушылар

қ ұ қ ы ғ ы н

қ о р ғ а у

мәселелері жөнінде жыл сайынғы баяндама әзірлеу үшін қажетті материалдар беретін болсын.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

*бірінші орынбасары*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

М и н и с т р л е р            К а б и н е т і н і ң

1 9 9 5            ж ы л ғ ы            2 2            м а у с ы м д а ғ ы

№    8 6 4            қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Тұтынушылар құқығын қорғау мәселелері жөніндегі  
заң жобаларының тізбесі**

-----  
Заң жобасының атауы            |            Әзірлеуші            |Атқарылатын  
м е р з і м і

-----  
Азық-түлік тағамдарының            Қазақстан Республикасының            1996 жылдың  
сапасы мен қауіпсіздігі            Ұлттық ғылым академиясы,            наурызы  
туралы            Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі,

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Жарнама туралы

Қазақстан Республикасының            1996 жылдың  
Баспасөз және бұқаралық            желтоқсаны

ақпарат министрлігі

Қазақстан Республикасының

Баға және монополияға қарсы

саясат жөніндегі мемлекеттік

комитеті

Сауда туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылдың  
Өнеркәсіп және сауда желтоқсаны  
министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 22 маусымдағы  
N 864 қаулысымен  
бекітілген

**Тұтынушылар құқығын қорғау саласындағы қатынастарды  
реттейтін нормативтік құжаттардың тізбесі**

Нормативтік құжаттардың атауы	Әзірлеуші	Атқарылатын мерзімі
1	2	3
Халыққа ақылы медициналық қызмет көрсету ережелері	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау	1996 жылдың қыркүйегі министрлігі
Сапасыз өнімдерді жарамсыз деп тану, жою немесе ұқсату тәртібі туралы нұсқама	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау	1996 жылдың қыркүйегі министрлігі
Тамақ өнімдері мен тағам шикізатына медициналық-биологиялық талаптар	Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	1996 жылдың ақпаны
Коммуналдық қызмет көрсету ережелері	Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі	1996 жылдың маусымы
Рыноктар мен ұсақ бөлшек сауда кәсіпорындарындағы сауда ережелері	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда	1996 жылғы қазаны министрлігі
Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету ережелері	Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті	1996 жылдың қарашасы
Туристтік-экскурсиялық	Қазақстан Республикасының	1996 жылдың

қызмет көрсету ережелері	Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі	желтоқсаны
Қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметін ережелері	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	1996 жылдың желтоқсаны
Почта қызметін көрсету ережелері	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	1996 жылдың желтоқсаны
Жергілікті телефон жүйесі қызметін көрсету ережелері	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	1996 жылдың желтоқсаны
Телеграф байланысы қызметін көрсету ережелері	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	1996 жылдың желтоқсаны
Сым арқылы таратылатын радиохабарлары қызметін көрсету ережелері	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	1996 жылдың желтоқсаны
Бөлшек сауда және қоғамдық тамақ ережелері министрлігі	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда	1996 жылдың желтоқсаны

*Ескерту. Бұл тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.*

№ 524 *қаулысымен.*